



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

көтерілген мәселеге орай басқа да шығармалармен танысу артық емес. Сөз өнерінің айтулы шеберлерінен, классиктерден үйренер нәрселер мол. Олардың сөз саптау тәсілінен, сөйлем құрау үлгісінен, мәтінді мәнерлі, бейнелі жеткізу шеберлігінен үлкен тағылым алуға болады.

Қазақ лексикологиясы қай жағынан болсын нәтижелі еңбек пен атқарылған іс-шаралар нәтижесінде едәуір биікке көтерілді деуге болады. Дегенмен, басы ашылмаған, сараланбай, жүйеге түспей жатқан дүниелер әлі де көп. Көркем прозада, поэзияда, сонымен қатар, ауызекі сөйлеу тілінде де қайталау жиі кездеседі. Белгілі бір сөздердің бір сөйлемде, не абзацта жиі қайталануы бұл ақын-жазушының ойды күшейту немесе бір нәрсеге, жағдайға оқырман назарын аударту ұғымында жұмсалады. Қайталау яғни плеоназм – стильдік тәсіл. Дегенмен, плеоназмдарды қолдану дұрыс па, бұрыс па – бұл әркімнің өз таңдауы.

Қолданылған әдебиет

1. BAQ.kz ақпараттық порталы. URL: / <http://baq.kz/kk/news/20986>
2. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
3. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы. / М.Белбаева. – Алматы: Мектеп, 1976. – 264 б.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылуы тарихынан), 2-басылым. – Алматы: Санат, 1994. – 312 б.
5. Jeffries L., McIntyre D. Stylistics. – Cambridge University Press, 2010.– 561 p.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1985. – 465 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1985. – 465 б.
8. Ағылшынша-орысша-қазақша заң терминдерінің сөздігі. – Алматы, 2006. – 106 б.
9. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 455б.
10. АҚШ Мемлекеттік департаменті CNN-ді сынға алды // Ақиқат. – 2012. – 24 қыркүйек.

УДК 347.78.034

МИФОЛОГИЯНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Аманбекова Еркежан Аманбекқызы

erke93a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.К. Сәтенова

Миф адам баласының табиғат пен жаратылыс жайындағы көне замандағы ізденістерінің, пайымдауларының жемісі. Әлемдегі бүкіл халықтардың ұрпақтан ұрпаққа ауызша тарап кеткен аңыз-әңгімелері, ертегілері мен мифтері бар. Қоғамда жазудың пайда болуы көптеген ғылымдардың туындауына әкелгені сияқты біртіндеп сол мифтерді зерттеу саласының, яғни мифологияның негізі қаланды.

Миф ұзақ жылдар бойы түрлі қызу пікірталастар туғызып жүрген ғылыми мәселердің бірі. Осы тақырып бойынша жалпы зерттеулерден бастап, нақты мәселелерге арналған ғылыми әдебиеттер жетіп артылады. XIX-XX ғасырлардағы философтардың, лингвистердің және жекелеген ғалымдардың терең зерттеулері мен еңбектеріне қарамастан, миф ғылым үшін көп жағдайда жұмбақ болып отыр.

Мифология саласындағы алғашқы зерттеулер Ежелгі Грекияда басталған. Грек философтарының көне грек мифтерін түсіндіре бастаған кезінде, ешкім де бұл аңыздарды шынайы оқиғаға негізделген деп қарастырмайтын. Сондықтан грек философтары мифтерді

белгісіз бір автордың қиялынан туындаған аллегория деп түсіндірген. Мәселен, б.з.д V ғасырда өмір сүрген Эмпедокл Зевсті – от, Гераны – ауа, Галесті - жер аллегориясы деп санаған. Аллегориялық түсіндірмелер тек есімдерге ғана емес, мифтердің өзіне де жасалды. Мысалы, Кронос (өз балаларын туа салысымен жұтқан алып) пен оның жұбайы Рея туралы миф былай түсіндірілген: Кронос - уақыт, ал Рея – жер, ол тек уақыттың көмегімен ғана дүниеге сәби әкеле алады, бірақ оның нәрестелерін уақыт жалмап, жұтып қояды.

Осындай аллегориялық түсіндірмелер кейінгі ғасырларда да жалғасын тапты. Орта ғасырларда ғұмыр кешкен Овидий және Вергилий сияқты латын авторларының шығармаларында көптеген мифологиялық есімдерді кездестіруге болады. Гуманизм дәуірінде көне мифтер адамның сезімдерін бейнелейтін моральді аллегорияларға жатқызылған. Бэкон өз еңбегінде ежелгі мифтерді аллегориялық талдаумен айналысқан.

Мифтердің аллегориялық түсіндірмесімен қатар «эвгемерлік» түсіндірмесі бір уақытта дамыған. Оның негізін салушы Эвгемер б.з.д. IV-III ғасырларда өмір сүрген. Ол өз кітабында құдайларды өз-өздерін құдіретке теңеп, мадақтаған ежелгі билеушілер деп түсініктеме берген. Эвгемерге дейінгі осы бағыттағы түсіндірмелер Геродоттың еңбектерінде кездеседі. Геродот құдайларды тарихи тұлғаларға балап, мифтерді тарихи оқиғалар көрінісі ретінде қарастырған. Эвгемерлік түсіндірмелер христиандық авторлардың арасында кең таралып, орта ғасырлар бойы қолданылған.

XIX ғасырда мифтерге алғаш рет елеулі зерттеулер жүргізілді. «Ұлттардың жалпы табиғаты жайындағы жаңа ғылым негіздері» атты еңбегінде Дж. Вико мифологиялық ой-сананың негізгі сипаттарын атап өтті: біріншіден, нақтылық пен заттылық, сезімталдық пен шексіз қиял; екіншіден, қоршаған орта заттарына адами қасиеттерді беру.

Романтизмнің өрлеуі мифология саласына жаңа серпін берді. Осы бағыттағы зерттеушілер Ф. В. И. Шеллинг, ағайынды А. және Ф. Шлегель, В. және Я. Гримм мифті тереңнен түсінуге шақырған. Романтиктер мифтерді поэзия немесе дінмен салыстырып, оларды ақиқат деп санады. Демек, сол көне замандағы қоғам үшін бұл аңыз-әңгімелер жай ғана символдар емес шындық болып есептелген. Романтиктердің арасында мұндай кереғарлықтан аулақ болып, алғаш рет мифтің жай ғана философиялық қиялдың жемісі еместігін айтқан Шеллинг болды.

Мифтің романтикалық интерпретациясы мифтің мәдениетте, дәстүрде «ремифологизация» деп аталатын қайта дамуына септігін тигізді. Бұл бағыт мифті қисынсыз ойдан құрастырылған әңгіме деп қарастырмай, мәдениет әлеміндегі адам болмысы мен мифтің өзара байланысын анықтауға тырысады. Ремифологизациялық дәстүр Ф. Ницшенің философиялық тұжырымдарында да көрініс табады. Ғалым мифті «кез келген мәдениет саласының түп-тамыры» деп санайды. А. Бергсон да қисынды ойлау мен интеллектке қарсы тұратын мифологиялық ойлау жүйесінің маңыздылығын айтады. Бұл ғалым да мифке оң көзбен қарап, оның адам өмірін сақтаудағы биологиялық қызметіне баса назар аударады.

Шеллингтің көзқарасымен келіскен әрі одан әрі дамытқан мифтер туралы көп жазған философ Кассирер. Кассирердің түсінігінде, миф – тек миф қана емес, сонымен қатар дін, магия және т.б. Кассирер де мифті аллегория ретінде қабылдауды теріске шығарады. Керісінше, «объективті ақиқат» деп санайды.

Мифология саласындағы елеулі мектептердің бірі натурмифологияның негізін қалаушы – неміс профессоры Макс Мюллер болатын. Мюллер лингвист ретінде мифологияға лингвистикалық әдістерді енгізді. Бір қызығы, Мюллер ежелгі мифтерге қатты қайран қалып, оларды мән-мағынасы жоқ, көңіл аударуға тұрмайтын туындылар деп санаған. Содан болар, мифтерге «тіл ауруы» деген сипаттама берген. Дегенмен, Мюллер аңыздарға өз теориясына сәйкес түсініктеме беруге тырысты. Дафна (өзіне ғашық болған Аполлоннан қашамын деп лавр бұтағына айналған. Дафна – грек сөзі, «лавр бұтағы») туралы грек мифін түсіндіргенде, Мюллер этимологиясы бойынша грек сөзіне сәйкес келетін, бірақ «таңғы арай» дегенді білдіретін санскрит сөзін қолданады. Мюллердің пікірінше, грек сөзі де бастапқыда сондай мағына берген. Демек, Дафна – таңғы арай, таң шуағының бейнесі. Сонда әдемі табиғат көрінісі пайда болады: таң шуағының пайда болуы, сосын күннің (Аполлон) шығуы, соңында

таңғы арайдың ғайып болуы (Дафнаның лавр бұтағына айналуы).

Натурмифологиялық теориялар 1900 жылдары да жалғасын тауып, соңғы еңбектердің бірі «Жалпы мифология және оның этнологиялық негіздері» 1910 жылы баспадан шыққан. Алғашқы натурмифологтар өз әдістерінің қатаң сақталуына баса назар аударған болса, олардан кейінгі мұрагерлері еркін көзқараста болған. Әдістерін тыңғылықты қолданулары бойынша натурмифологтар структуралистерге ұқсайды. Әсіресе, Макс Мюллердің лингвистикалық әдістері қазіргі заманғы атақты мифологтардың бірі Леви Стросстың теориясына сәйкес келеді.

Натурмифологиялық мектеппен қатар дамыған келесі бағыт – антропологиялық бағыт Англияда пайда болған. Оның негізгі өкілдері – Э. Тайлор, Э. Лэнг, Г. Спенсер. Мектептің құрылуына негізгі себепші болған салыстырмалы этнография. Бұл бағыттың зерттеушілері ежелгі тайпаларды қазіргі дамыған өркениеттік қоғаммен салыстырған.

Мифтердің ғылыми зерттелуі XX ғасырда да белсенді түрде жалғасты. Бұл жерде психоаналитикалық концепцияны атап өтуге болады (З. Фрейд, К. Г. Юнг). Сондай-ақ, мифтің әлеуметтік зерттелуінде айта кеткен жөн. Бұл бағыттағы ғалымдарға Э. Дюркгейм, Л. Леви-Брюль, А. Р. Рэдклид-Браун, Б. Малиновский жатады.

Э. Дюркгеймнің теориясы бойынша, ойлай жүйесі қоғамда қалыптасады, сондықтан мифтің мәні мен табиғатын түсіну үшін алғашқы қоғамның әлеуметтік құрылымына зер салу керек. Леви-Брюль алғашқы әлеуметтік құрылымның ерекшеліктерін зерттеу отырып, алғашқы сананың «пра-логикалық» жағдайына тоқталады. Ежелгі адам сезім мен түйсікке ғана сүйеніп өмір сүрген, сөйтіп, мистицизм ежелгі ұғымның маңызды бөлігіне айналған. «Алғашқы менталитет» деген еңбегінде Леви-Брюль «алғашқы менталитеттің мистикаға жақын» екенін жазған.

Мифтердің зерттелуіндегі соңғы теориялардың бірі – структурализм. Мифологиядағы структурализмнің түп-тамыры тіл біліміндегі структурализмде жатыр. Тіл біліміндегі структурализмнің дамуы фонетика саласында анықталған структураны басқа да тіл білімі салаларынан іздеуге негізделеді. Структуралистер тура осы қағиданы мифологияда да қолданды. Мифтерде қарама-қарсы мағынадағы ұғымдар жиі кездеседі. Мысалы: аспан мен жер, ер адам мен әйел адам, жылу мен суық, от пен су және т.б. Зерттеушілер осы қарама-қайшылықтарды структура ретінде қарастырып, мифология саласында фонологиялық терминдерді қолдана бастады. Мифтерді зерттеуде структуралистік әдісті қолдануды Клод Леви Стросс енгізді. Оның теориясы негізінде, көптеген тіл білімін терминдері мифологияда пайдаланылды. Соған бір мысал, Леви Стросс «латералді мифема» деп жартастар арасындағы тар қуысты айтқан. Бұл жерде тіл білімі терминдері метафора ретінде қолданылған.

Мифтердің зерттелуі барысында мифологиялық бірліктерге байланысты қолданылатын терминдердің біріне «мифологема» жатады. Мифологема мифологиялық сюжеттер мен бейнелерді білдіреді. Алғаш рет «мифологема» термині Батыс Еуропа мен Америкада XX ғасырдың басында мифологиялық және психологиялық мектептерде қолданыла бастаған. Оның қолданылу аясы 1930 және 1950 жылдары кеңейді. Испан филологы А. Альварес де Миранданың пайымдауынша, мифологема – «мифтерде түйсікпен немесе саналы түрде қолданылатын ерекше бейнелер». Яғни, бұл ғалым үшін мифологемалар әдейі немесе адамның санасынан тыс көркем шығармаларда, мифтерде қолданыла береді. Себебі ол мифологеманы мифтің басты бөлігі «мифологиялық тақырып» деп түсінеді. «Мифологиялық тақырып» мифологиялық бейненің немесе сюжеттің «ішкі субстанциясы» табылады және ол өзгермейтін, бір қалыпты қасиетке ие. Бұл мағынада мифологема – ішкі құрылыс, алғашқы бейне, үлгі. Сол үлгінің негізінде нақты оқиғаға байланысты белгілі бір бейне туындайды.

Ал, XX ғасырдағы ұлы ойшылдардың бірі К. Юнг мифологеманы (немесе мифологиялық мотивтер) «қандайда бір дәстүрге қатыссыз кез келген индивид кез келген дәуірде кез келген жерде кездейсоқ пайдалануы мүмкін» дейді. Юнгтың анықтамасы бойынша, мифологема ұғымының әдебиеттегі «саналы түрдегі қолданысқа» еш қатысы жоқ. Қазіргі заманғы мифологтардың бірі Дж. Холлистің кейінгі зерттеулерінде мифологемаға «жеке негізгі

элемент немесе кез келген мифтің мотиві» деген анықтама берді.

Мифология ғылымы әлі де терең зерттеулерді талап ететін салалардың бірі. Дегенмен осы саладағы алғашқы ізденістер өте ерте замандарда жасалған. Мифология әр түрлі ғылым салаларымен ұштастырылып зерттелуде. Соған сәйкес көптеген мектептер мен теорияларды, көзқарастардың болуы бұл ғылымның елеулі түрде дамығандығын көрсетеді.

Қолданылған әдебиет

1. Стеблин-Каменский М. И. Миф. – Ленинград: Наука, 1976
2. Галанина Е.В. Миф как реальность и реальность как миф: мифологические основания современной культуры, 2013
3. Полищук В.И. Культурология, 1999

УДК 81.33

ДИСКУРС ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Ахан Гүлнұр Түймебайқызы

akhang@bk.ru

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
«Жалпы тіл білімі және аударма теориясы» кафедрасы
ғылыми жетекші – Ә.М.Қызырова

Бүгінгі филологиялық ғылым саласында дискурс пен оның табиғатын зерттеуге байланысты ойлар әр тарапты. Оның «белгілі бір аядағы ағымдық тілдік қызмет», «тілдік байланыстар арқылы жасалатын мәтін», «аяқталған тілдік қарым-қатынас», «оқиғалық аспектідегі мәтін» тағы сол сияқты көптеген анықтамалары бар. Сонда «дискурс» ұғымы тілдік қызметті де, мәгінді де, мәтін аясын да, ойтолғамды да білдіретін көп қырлы термин. Яғни, бір сөзбен айтқанда, дискурс мәтіннен басқа экстралингвистикалық факторларды (қоршаған ортаны, ойтұжырымды, қағидалар мен адресаттың мақсаты) білдіретін күрделі экстралингвистикалық құбылыс. Бұл жөнінде Л.Дж.Филиппс, М.В.Йоргенсен, М.Л.Макаров, Е.И.Шейгалдардың зерттеулерінде кеңінен айтылған.

«Дискурс» термині өзінің анықтамасының түрлілігіне қарамастан, бірқатар гуманитарлық ғылымдар қатарына еніп үлгерді. (лингвистика, семиотика, психология, философия, социология, әдебиеттану) тіл қызметінің зерттеу пәні ретінде қолданылып жүр[1].

«Дискурс» ұғымын ең алғаш шетел зерттеушілері әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеді. Мысалы, Т.ван Дейк, Дж. Остин, М.Л.Макаров, Дж.Луиза, С.И.Виноградов, Б.П.Паршин, В.З.Демьянков, Ю.С.Степанов және т.б.

Ғалым Ю.С.Степановтың зерттеуі бойынша дискурс «тілдің ішіндегі тіл». Яғни дискурс ұғымы «тіл – рух», «тіл – болмыс мекені» деген философиялық тезиске келеді.

В.З.Демьянков дискурсты сөйлемдер мен фрагменттерден тұратын интерпретатордың көз алдына ойша келетін мәтін деп қарайды.

Жалпы дискурс теориясы пәнаралық сипатқа ие. Х.Х.Нүрсейітова медиялық дискурс туралы зерттеу жұмысында: «Бұл теория адам қызметінің түрлі аспектілерінде көрініс табатын академиялық пәндерді қамтиды: антропология, журналистика, риторика, әдебиет пен мәдениеттану, әлеуметтану, психология, география, заң ғылымы» деп айтады. Дискурс теориясының қалыптасуында екі дәстүрлі мектеп өкілдері (американдық мектеп, оның негізін салушы – Франц Бае, чеш лингвистикалық мектебі, негізгі өкілі – Вильям Матезиус) маңызды рөл атқарды. Дискурс талдау теориясының жеке пән ретінде қалыптасуы жалпы тіл білімінде ХХ ғ-ң 70-жылдарына, қазақ тіл білімінде бұл мәселеге қатысты зерттеулердің ғылыми айналысқа түсуі өмір сүріп жатқан ғасырымыз, ХХІ ғасырдың басына жатқызылады.

Қазіргі дискурс теориясы «дискурс» термині сияқты, антикалық риторикадан бастау